

Бақылау және қадағалау функцияларына байланысты емес, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларға азаматтарды тарту ережесін, олардың нысандары мен түрлерін бекіту туралы

Ішкі істер министрінің 2004 жылғы 27 қарашадағы N 641 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2005 жылғы 6 қаңтарда тіркелді. Тіркеу N 3326.

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 19.06.2015 № 463 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысуы туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 1) және 2) тармақшасына сәйкес және қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтық тұрғындарды тарту жөніндегі ішкі істер органдарының жұмысын одан әрі жетілдіру мақсатында, **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жана редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 08.12.2020 № 839 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Бақылау және қадағалау функцияларына байланысты емес, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларға азаматтарды тарту ережесі, олардың нысандары мен түрлері туралы;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысушы азаматтар үшін куәлік үлгісі және эмблема символикасы.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 19.06.2015 № 463 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың, Көліктегі полиция департаменттерінің бастықтары:

1) әкімшілік полиция бөлімшелерінің қызметкерлерінен сынақтар қабылдай отырып, ішкі істер органдары жеке құрамының осы Ережені әскери және қызметтік даярлық жүйесінде зерделеуін ұйымдастырсын;

2) жергілікті атқарушы органдармен бірлесе отырып, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысқан азаматтарға белгіленген үлгідегі куәліктердің және омырау белгілерінің қажетті санын дайындау жөніндегі мәселені шешсін және олардың есепке алынуы мен пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін.

3) учаскелік полиция пункттерінің базасында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды құқықтық даярлауды ұйымдастырсын.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 19.06.2015 № 463 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.07.2018 № 517 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Әкімшілік полиция комитетіне (И.В. Лепеха) жүктелсін.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 19.06.2015 № 463 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 19.06.2015 № 463 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Министр

Ішкі істер министрінің
2004 жылғы 27 қарашадағы
№ 641 бұйрығына
1-қосымша

Бақылау және қадағалау функцияларына байланысты емес қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларға азаматтарды тарту ережесі, олардың нысандары мен түрлері

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 19.06.2015 № 463 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 16.07.2018 № 517 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы Бақылау және қадағалау функцияларына байланысты емес қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларға азаматтарды тарту ережесі, олардың нысандары мен түрлері (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларға азаматтарды тартудың тәртібін, нысандары мен түрлерін анықтайды.

2. Азаматтар мен қоғамдық бірлестіктердің қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысуына байланысты туындайтын қатынастарды құқықтық реттеу 1995 жылғы 30

тамыздағы Қазақстан Республикасы Конституциясының ережелеріне негізделеді және "Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысуы туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңымен (бұдан әрі - Заң) және өзге де нормативтік құқықтық актілерімен жүзеге асырылады.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 08.12.2020 № 839 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысуы "Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысуы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес олардың ішкі істер органдарына ерікті түрде жәрдемдесуі арқылы жүзеге асырылады.

4. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтар өз қызметін заңдылық, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу мен сақтау принциптері негізінде жүзеге асырады.

2-тарау. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысу нысандары мен түрлері

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 16.07.2018 № 517 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Азаматтар қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге өзінің қатысу құқығын мынадай нысандарда іске асырады:

- 1) жеке;
- 2) ұжымдық нысандарда іске асыра алады.

6. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың жеке қатысуы олардың ішкі істер органдарына:

1) дайындалып жатқаны, жасалып жатқаны немесе жасалған құқық бұзушылықтардың өздеріне мәлім болған фактілері туралы, оларға ықпал еткен себептер мен жағдайлар туралы хабарлауда;

2) учаскелік полиция инспекторларының және кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімшелердің профилактикалық есебіне алынуы тиіс адамдарды анықтауға, олармен ішкі істер органының аталған қызметтері қызметкерлерінің тікелей қатысуымен жеке профилактикалық жұмысты жүргізуге;

3) кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу мен балалардың қараусыз және қадағалаусыз қалуын ескертуге;

4) "Жол жүрісі қағидаларын, Көлік құралдарын пайдалануға рұқсат беру жөніндегі негізгі ережелерді, көлігі арнайы жарық және дыбыс сигналдарымен жабдықталуға және арнайы түсті-графикалық схемалар бойынша боялуға тиіс жедел және арнайы қызметтер тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 534 бұйрығымен бекітілген Жол жүрісі қағидаларын (

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33003 болып тіркелген) (бұдан әрі – Жол жүрісі қағидалары) насихаттауға;

5) құқықтық білімдерді насихаттауға;

6) құрамында есірткі заттары бар өсімдіктерді, сондай-ақ құрамында есірткісі бар жабайы өсімдіктерді заңсыз өсіру мен жинау фактілерін анықтауға;

7) спирттік ішімдіктерді ішуге, есірткі құралдарын және психотроптық заттарды пайдалануға, жезөкшелікпен айналысуға арналған притондарды, сондай-ақ осындай мақсаттарға арналған жарамды ықтимал үй-жайларды анықтауға жәрдемдесу жолымен жүзеге асырылуы мүмкін.

Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 05.10.2023 № 723 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтар өзара келісуі бойынша және аумақтық ішкі істер органын хабардар ете отырып, тұрақты мекен-жайы, жұмыс және оқу орны немесе өзінің меншігі орналасқан жерде қоғамдық тәртіпті сақтау үшін ұжымдаса отырып қатысуы мүмкін. Мұндай қоғамдық құрылымдардың атауын азаматтар өз еркімен анықтайды.

8. Ереженің 6-тармағында көрсетілген көмек көрсету түрлерімен қатар, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге ұжымдаса отырып қатысатын азаматтар:

1) көшелерде, алаңдарда, вокзалдарда, көлік магистральдарында және басқа да қоғамдық орындарда, сондай-ақ әртүрлі спорттық, мәдени-бұқаралық және ойын-сауық іс-шараларын өткізген кезде тікелей ішкі істер органдары қызметкерлерінің басшылығымен қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге;

2) қайғылы оқиғалардан, жол-көлік оқиғаларынан және құқық бұзушылықтардан зардап шеккен, сондай-ақ дәрменсіз күйде жатқан адамдарға шұғыл көмек көрсетуге;

3) дүлей зілзала және басқа да төтенше оқиғалар кезінде адамдарды, мүлікті құтқаруға және қоғамдық тәртіпті сақтауға;

4) жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және жол-көлік оқиғаларының алдын алуға;

5) мал жайылымдары мен басқа да мал жаятын және тұратын орындарды күзетуге;

6) астық өнімдерін және басқа ауылшаруашылық дақылдарын ұрлаудың алдын алуға және жолын кесуге;

7) жатақханалар мен оқу-өндірістік шеберханаларды қоса алғанда оқу орындарының аумақтарында қоғамдық тәртіпті сақтауға;

8) көп қабатты үйлердің кіреберістерін және оған іргелес аумақтар күзетуге - консьерждер институтына қатысады.

9. Ереженің 6-және 8-тармақтарында көрсетілген іс-шаралардың алдында, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтармен учаскелік полиция пункттерінде

жергілікті полиция қызметінің қызметкерлері жүзеге асыратын құқықтық-түсіндіру жұмыстары жүргізіледі, оған:

1) қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарға құқықтары мен міндеттерін түсіндіру;

2) криминогендік жағдайдың жай-күйі және іздестірудегі адамдар туралы хабарлау;

3) есепте тұрған адамдармен жеке профилактикалық жұмыстар жүргізудің тәртібі мен ережелері туралы нұсқама;

4) қажетті қорғану құқығын түсіндіру, құқыққа қарсы қол сұғушылықтардың жолын кесу, құқық бұзушыны ұстау және оны ішкі істер органдарына жеткізу үшін қажетті шаралардың тәртібі мен шегі, сондай-ақ қылмыстық, қылмыстық іс жүргізу және әкімшілік заңнаманың өзге де нормалары;

5) төтенше оқиғалардың, қайғылы оқиғалардың салдарынан зардап шеккен, сондай-ақ дәрменсіз күйде жатқан азаматтарға көмек көрсетудің тәртібі мен ережесі туралы нұсқама;

б) жол қозғалысы ережесін бұзу мен құқық бұзушылықтардың алдын алу кіреді.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 02.12.2015 № 981 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң енгізіледі) бұйрығымен.

10. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтармен құқықтық-түсіндіру жұмысын ұйымдастыруды және жүргізуді бақылау ауданның, қаланың, облыстың, ішкі істер органдарының профилактикалық қызметке жетекшілік ететін басшыларына жүктеледі.

11. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету саласындағы ішкі істер органдары мен азаматтардың қызметін үйлестіруді жергілікті атқарушы органдар әлеуметтік профилактика кеңестерінің және қоғамдық тәртіпті сақтауға қатысатын, қылмыстардың алдын алуға және ашуға ықпал еткен азаматтарды көтермелеу жөніндегі комиссиялардың отырысында өзара іс-қимыл жасасу нәтижелерін қарауға ұсыну жолымен жүзеге асырады.

12. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарға олардың құқық қорғау саласындағы құқықтары мен міндеттерін түсіндіру азаматтар осы мәселе бойынша көмек көрсетуге ниет білдірген жергілікті полиция қызметі бөлімшесіне жүктеледі.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 02.12.2015 № 981 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң енгізіледі) бұйрығымен.

3-тарау. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды тіркеу тәртібі

Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 16.07.2018 № 517 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысуға ниет білдірген азамат ішкі істер органына еркін нысанда өтініш береді, оған Қазақстан Республикасының азаматы жеке куәлігінің не паспортының көшірмесін, өмірі мен денсаулығын сақтандыру туралы келісімшарт болған жағдайда оның көшірмесін қоса береді. Азаматтың өтінішінде ол қатысуға ниет білдірген қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету саласы және тиісті жергілікті полиция қызметі бөлімшесінің атауы көрсетіледі.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 02.12.2015 № 981 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң енгізіледі) бұйрығымен.

14. Ішкі істер органы өтініш келіп түскен күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде азаматты наркологиялық, психоневрологиялық және өзге де есепке алу бойынша тексереді, одан кейін ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органына тиісті қолдаухат беріп, оған ұсынылған құжаттардың көшірмелерін қоса тіркейді, не қабылданған шешімнің себептерін көрсете отырып, өтініш берушіге жазбаша түрде бас тартады.

Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге көмек көрсетуге ниет білдірген азаматтың өтінішін өндірісіне қабылдаған ішкі істер органының басшысы және жергілікті полиция қызметі бөлімшесі тексеру іс-шараларын уақтылы жүргізуді және жинақталған материалдарды жергілікті атқарушы органға жіберуді қамтамасыз етеді.

Ескерту. 14-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 02.12.2015 № 981 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң енгізіледі) бұйрығымен.

15. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы келіп түскен қолдаухатты жеті жұмыс күні ішінде қарайды, азаматты тіркеуді жүргізеді және оны қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтардың есебіне алады, бұл туралы ішкі істер органын жазбаша түрде хабардар етеді.

16. Азаматтың тіркелгені туралы ақпаратты алғаннан кейін жергілікті полиция қызметі бөлімшесі оған есепке алу ісін ашады, ол Ережеге 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтардың есепке алу істерін тіркеу журналында есепке алынады. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтар ұжымына бір бақылау ісі ашылады, ол Ережеге 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қоғамдық өзінше қызмет көрсету бірлестіктерін қадағалау істерін тіркеу журналында есепке алынады.

Азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерді жалпы есепке алу және қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету саласындағы олардың қызметін үйлестіруді жергілікті полиция қызметінің басшысы жүзеге асырады.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 02.12.2015 № 981 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң енгізіледі) бұйрығымен.

17. Одан әрі жергілікті билік органдарында тіркелген, қоғамдық тәртіпті сақтауға қатысатын азаматтар тоқсанына кемінде бір рет наркологиялық, психоневрологиялық және өзге де есептер бойынша тексеріледі.

18. Кәмелетке толмаған азаматтардың және өздеріне қатысты қылмыстық іс қозғалған не Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 79-бабының тәртібінде соттылығы өтелмеген немесе алынбаған, сондай-ақ наркологиялық, психоневрологиялық диспансерлерде есепте тұратын не сот шешімі бойынша әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеттілігі шектеулі деп танылған адамдардың қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысуына жол берілмейді.

19. Өтінішті қабылдамай тастау бас тартуға негіз болған себептер жойылған жағдайда өтініш берушінің қайта өтініш жасауына кедергі болмайды.

20. Құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтың қатысуын тоқтатуға негіз болатын жағдайлар мыналар:

1) азаматтың қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге одан әрі қатысуға ниетінің жоқтығы туралы өтініші;

2) қылмыстық жауапқа тартылуы;

3) бірнеше рет (бір жыл ішінде екі және одан да көп рет) қасақана әкімшілік құқық бұзушылық жасауы;

4) Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге тұрақты тұру үшін кетуі;

5) қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге одан әрі қатысуын болғызбайтын мән-жайлардың басталуы (психикалық, мінез-құлықтық, оның ішінде психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты бұзылушылық (ауру), "Психикалық денсаулық саласында медициналық-әлеуметтік көмек көрсетудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 25 қарашадағы № ҚР ДСМ-203/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21680 болып тіркелген) бекітілген тізбеге сәйкес айналадағылар үшін қауіп төндіретін өзге де ауру не қайтыс болу).

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 08.12.2020 № 839 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 05.10.2023 № 723 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

21. Ереженің 20-тармағында аталған мән-жайлар туындаған кезде ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы тиісті ішкі істер органының ұсынымы бойынша бұл азаматты қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтар есебінен шығарады. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге

азаматтың қатысуын тоқтату туралы материалдарды дайындауды ол есепте тұрған жергілікті полиция қызметі бөлімшесі қамтамасыз етеді.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 02.12.2015 № 981 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң енгізіледі) бұйрығымен.

4-тарау. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтардың рәмізі, ерекше белгілері

Ескерту. 4-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 16.07.2018 № 517 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

22. Жергілікті атқарушы органға тіркегеннен кейін қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматқа ішкі істер органының басшылығы белгіленген үлгідегі куәлік және "ПОЛИЦИЯНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ КӨМЕКШІСІ" ерекше омырау белгісін береді. Куәлікке аумақтық ішкі істер органының бастығы қол қояды.

23. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды есепке алуды, тіркеуді және куәліктер мен омырау белгілерін беруді Ережеге 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аудандық (қалалық, қаладағы аудандық) ішкі істер органының жергілікті полиция қызметі бөлімшелері жүзеге асырады.

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 02.12.2015 № 981 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң енгізіледі) бұйрығымен.

24. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтар өздерімен бірге куәлігі мен ерекше омырау белгісін алып жүруге және азаматтар талап еткенде көрсетуге міндетті.

25. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысқан азаматқа осы Ереженің 7-тармағында көрсетілген іс-шараларды жүзеге асыру жөніндегі кезекшілік кезеңінде учаскелік полиция пунктінде ішкі істер органдарының қызметкері жеңге тағатын белгіні береді.

5-тарау. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтардың құқықтары мен міндеттері

Ескерту. 5-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 16.07.2018 № 517 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

26. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды есепке алу істерін жүргізетін жергілікті полиция қызметі бөлімшелері ай сайын жұмыс қорытындысын шығарады, талдау анықтамасын ресімдеп, Қазақстан Республикасының заңнамасында

көзделген көтермелеу шараларын қолдану мақсатқа сай екендігі туралы дәлелденген ұсынысты ішкі істер органдарының басшылығына ұсынады.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 02.12.2015 № 981 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң енгізіледі) бұйрығымен.

27. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеу шаралары:

- 1) алғыс жариялау;
- 2) грамотамен марапаттау;
- 3) ақшалай сыйақы беру;
- 4) өз құзыреті шегінде жергілікті өкілді және атқарушы органдар анықтайтын өзге де шаралар.

Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 16.07.2018 № 517 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

28. Қорытындыланған талдау анықтамалары жергілікті полиция қызметі бөлімшелерінің өкілдері мен көтермелеуге ұсынылған азаматтар шақырыла отырып, қалалық, аудандық ішкі істер органы басшылығының кеңесінде қаралады. Кеңес қорытындысы бойынша жергілікті атқарушы органға қоғамдық тәртіпті сақтауда, қылмыстардың алдын алуда, жолын кесуде және ашуда, қылмыстарды жасаған адамдарды іздестіру мен ұстауда белсенді түрде көмек көрсеткені жөнінде ұсынымхат әзірлеу туралы шешім шығарылады.

Ұсынымхатта азаматты көтермелеуге ұсынудың негізі көрсетіледі. Оған ішкі істер органының бастығы куәландырған қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысқан азаматтардың жұмыс нәтижелерін есепке алу табелі қоса беріледі (4-қосымша).

Ескерту. 28-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 02.12.2015 № 981 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң енгізіледі) бұйрығымен.

29. Сондай-ақ жергілікті атқарушы органдарында тіркелмеген азаматтар, егер олар құқық бұзушылықтардың алдын алуға, жолын кесуге, ашуға немесе оларды жасаған адамдарды ұстауға көмек көрсетсе, көтермелеуге ұсынылады;

Ескерту. 29-тармақпен толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің 02.12.2015 № 981 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң енгізіледі) бұйрығымен.

30. Сонымен қатар, ауыр және аса ауыр қылмыстардың алдын алуға, жолын кесуге немесе ашуға, оларды жасаған адамдарды ұстауға белсенді көмек көрсеткен азаматтар аудандық, қалалық, облыстық ішкі істер органы бастығының құқықтарымен көтермеленуі мүмкін.

Ескерту. 30-тармақпен толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің 02.12.2015 № 981 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң енгізіледі) бұйрығымен.

Бақылау және қадағалау функцияларына байланысты қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларға азаматтарды тарту ережесі, олардың нысандары мен түрлеріне 1-қосымша

Нысан

Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтардың есепке алу істерін тіркеу журналы
№ _____

_____ (ішкі істер органының атауы)

20__ ж. "___" _____ басталды

20__ ж. "___" _____ аяқталды

Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтардың есепке алу істерін тіркеу журналының ішкі мазмұны

Бірінші бөлім

р/с №	Т.А.Ә. (ол болған жағдайда), туған жылы	Мекенжайы, үй телефоны	Жұмыс орны, телефоны	Білімі	Есепке алу ісін ашу негізі (әкімдікте ауданның, қаланың) тіркелген нөмірі, күні)
1	2	3	4	5	6

Екінші бөлім

Куәліктің және омырау белгісінің нөмірі	Куәлікті және омырау белгісін алғаны туралы қолы және күні	Шығару негізі және күні	Куәлікті және омырау белгісін тапсыру туралы белгі	Есепке алу ісін жүргізетін бөлімше және қызметкер	Ескертпе
7	8	9	10	11	12

Бақылау және қадағалау функцияларына байланысты қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларға азаматтарды тарту ережесі, олардың нысандары мен түрлеріне 2-қосымша

Нысан

**Қоғамдық өзінше қызмет көрсету бірлестіктерін
қадағалау істерін тіркеу журналы**

№ _____

_____ (ішкі істер органының атауы)

20__ ж. " ____ " _____ басталды

20__ ж. " ____ " _____ аяқталды

**Қоғамдық өзінше қызмет көрсету бірлестіктерін тіркеу журналының
ішкі мазмұны**

Бірінші бөлім

р/с №	Қоғамдық өзінше қызмет көрсету бірлестігінің атауы	Мекенжайы, телефоны	Басшының Т.А.Ә. (ол болған жағдайда), үй және қызметтік телефондары, мекенжайымен тұрғылықты жері	Әкімдікте тіркелген нөмірі, күні
1	2	3	4	5

Екінші бөлім

Мүшелердің саны	Қызмет түрі	Жою негізі және күні	Есепке алу ісін жүргізетін бөлімше және қызметкер	ескертпе
6	7	8	9	10

Бақылау және қадағалау функцияларына байланысты қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларға азаматтарды тарту ережесі, олардың нысандары мен түрлеріне 3-қосымша

Нысан

**Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысқан
азаматтарға куәліктер мен омырау белгілерін беру
және есепке алу журналы**

№ _____

_____ (ішкі істер органының атауы)

20__ ж. " ____ " _____ басталды

20__ ж. " __ " _____ аяқталды

Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысқан азаматтарға куәліктер мен омырау белгілерін беру және есепке алу журналының ішкі мазмұны.

Бірінші бөлім

№ р/с	Т.А.Ә. (ол болған жағдайда), туған жылы, іс есебінің	мекенжайы, үй телефоны	Жұмыс орны, телефоны	Омырау белгісінің нөмірі
1	2	3	4	5

Екінші бөлім

Омырау белгісінің берілген күні	Омырау белгісін алғаны туралы қолы	Омырау белгісін тапсырған күні	Омырау белгісін тапсырғаны туралы қолы
6	7	8	9

Үшінші бөлім

№ р/с	Қоғамдық көмекші куәлігінің нөмірі	Куәліктің берілген күні	Куәлікті алғаны туралы қолы	Куәлікті тапсырған күні	Куәлікті тапсырғаны туралы қолы
10	11	12	13	14	15

Бақылау және қадағалау функцияларына байланысты қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларға азаматтарды тарту ережесі, олардың нысандары мен түрлеріне 4-қосымша

Нысан

Қоғамдық тәртіпті сақтауға қатысатын азаматтардың жұмыс нәтижелерін есепке алу табелі 20 __ жылғы _____ айындағы

1-бөлім

№ р/с	Тегі, аты, әкесінің аты	Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысқан күндер саны	Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысу түрлері	Жұмыс нәтижелері	
				Қ ұ қ ы қ бұзушыларды ұстау	Қылмысты ашу

2-бөлім

Жұмыс нәтижелері		Марапатталғаны	

Іздеуде жүрген қылмыскерлердің ұсталғаны	Қылмыс пен құқық бұзушылық бойынша түскен хабарламалар саны	Ақшалай марапатталғаны	Басқа да түрлерімен марапатталғаны	Ескертпе
--	---	------------------------	------------------------------------	----------

Бастық _____

ҚАІБ(б)-нің атауы

ПО-ның атауы, шені

қолы, аты-жөні


" _____ " _____ 20__ жыл.

Ішкі істер министрінің
2004 жылғы 27 қарашадағы
№ 641 бұйрығына
2-қосымша

**Полицияның қоғамдық көмекшісінің омырау белгісі
эталонының және куәліктің үлгісінің сипаттамасы**

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 19.06.2015 № 463 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. "ПОЛИЦИЯНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ КӨМЕКШІСІНІҢ" куәлігі





Ескертпе: қоғамдық көмекші куәлігінің (бұда әрі – Куәлік) ашылғандағы жалпы ұзындығы 21 сантиметр (бұдан әрі – см) және ені 7 см болады.

Куәліктің мұқабасы көк түсті винилтеріден дайындалады.

Куәліктің ішкі сол жақ бетінде ортасы көлденеінен бірінің астына бірі жазылған әріптердің биіктігі 6 мм "ПОЛИЦИЯНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ КӨМЕКШІСІ" деген сөздер орналасады.

Куәліктің ішкі бөлігі көлемі жағынан екі бірдей қосымша беттен тұрады, әрқайсысының биіктігі 6,3 сантиметр, ұзындығы 9,5 сантиметр. Қосымша типографиялық тәсілмен дайындалады. Қосымша беттің негізі ашық көгілдір түсті.

Куәліктің сол бөлігіне жапсырылған қосымша беттің сол жағында:

қосымша беттің жоғарғы бөлігінің ортасында - облыстардың, Астана және Алматы қалаларының, қалалық, аудандық, ішкі істер органдарының, мемлекеттік тілдегі атауы, әріптердің биіктігі 3 мм құрайды;

жазудың астында қосымша беттің бір шетінен келесі шетіне дейін шектеу сызығы орналасады;

сол жақ қосымша беттің сол жағында қосымша беттің сол жақ шетінен тереңдігі 3,5 см типографиялық тәсілмен жасалған полицияның қоғамдық көмекшісінің эмблемасы орналасады;

эмблеманың астында – "Кеуде белгісінің № _____" деген жазу;

эмблеманың жоғарғы оң жағында қосымша беттің ортасына жақын

"№ _____ КУӘЛІК" деген жазу орналасады;

төменгі жағында қоғамдық көмекшінің тегі, аты және әкесінің атын жазу (ол болған жағдайда) үшін екі жол орналасады, соңғы жолдың астына "полицияның қоғамдық көмекшісі/общественный помощник полиции" деген жазу орналасады;

төменде жоғарғы және төменгі жағында "Дейін жарамды" және "Действительно до" деген жазулар бар;

қосымша беттің төменгі бөлігіне жақын ортасында алшақтықпен "ҚАІП бастығы/ Начальник ГОРОВД" деген жолдар болады;

жолдың оң жақ бөлігінің астында арасы 5 мм алшақтықпен "(қолы) (тегі)" деген сөздер орналасады.

Куәліктің оң бөлігіне жапсырылатын қосымша бетте:

қосымша беттің жоғарғы бөлігінің ортасына - облыстың Астана және Алматы қалаларының қалалық, аудандық, ішкі істер органдарының атауы орыс тілінде, әріптердің биіктігі 3 мм;

қосымша беттің бір шетінен келесі шетіне дейінгі жазудың астында - шектеу сызығы;

қосымша беттің оң жағында - ортасында "фото 3 x 4" деген жазу орналасқан өлшемі белгіленген рамкалы 3 x 4 фотосуретке орын;

фотосуретке арналған рамканың оң жағында жоғарғы оң шетінің деңгейінде, қосымша беттің ортасына жақын "КУӘЛІК № _____" деген жазу орналасады;

полицияның қоғамдық көмекшісінің тегін, атын және әкесінің атын жазу үшін төменде екі жол орналасады, соңғы тармақтың астына "полицияның қоғамдық көмекшісі - общественный помощник полиции" деген жазу жазылады;

фотосуретке арналған рамканың төменгі оң жағының шеті деңгейінен төмен "М.О." деген жазу орналасады;

жазу астында "Қоғамдық өзінше қызмет көрсету бірлестігі /Объединение общественной самодеятельности" деген жазу жазылған жол болады;

қосымша беттің төменгі бөлігіндегі сол жақ шетінде "бастық - начальник" деген жазу орналасқан жол болады.

Жолдың астына "ҚАІБ – ГОРОВД", "қолы, тегі" деген жазулар жазылады.

Куәліктің қосымша беті компьютермен терілген түзу жазылған қара түсті біркелкі шрифтермен лазерлік принтерді пайдалана отырып толтырылады. Мұндай мүмкіндік болмаған жағдайда, қосымша беттер қолмен, анық және түсінікті жазумен, қара түсті сиямен толтырылады.

Куәліктің қосымша бетіне облыстың, Астана және Алматы қалаларының қалалық, аудандық, ішкі істер органдарының бастығы қол қояды.

Қол қойылған соң фотосуреттік карточканың оң жақ төменгі бұрышына қалалық, аудандық ішкі істер органының елтаңбалы мөр бедері қойылады.

2. "ПОЛИЦИЯНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ КӨМЕКШІСІ" омырау белгісі



Ескертпе: "ПОЛИЦИЯНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ КӨМЕКШІСІ" омырау белгісі (бұдан әрі – Белгі) диаметрі 80 миллиметрлі (бұдан әрі – мм) сегіз жұлдызды дөңгелек пішінді.

Белгінің жиегінің ені 5 мм. сары түсті жолақпен, жолақтың ішкі жиегі қызыл түспен көмкерілген.

Белгінің жоғарғы бөлігіндегі көгілдір түстің аясында мемлекеттік тілде жазылған "ПОЛИЦИЯНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ КӨМЕКШІСІ" деген жазу орналасады.

Әрбір сөз көлденеңі жеке орналасады, ал биіктігі бойынша тиісінше - 10 мм. Жазулардың арасындағы қашықтық 1 мм.

Төмендегі рамканың ұзындығы 30,8 мм., биіктігі 14 мм.

Бекітілген кестеге және бес таңбалы реттік нөмеріне сәйкес, облыстың коды латын әріптерімен жазылған рамкада аббревиатура орналасады. Аббревиатураның барлық бөлшектерінің әріптері биіктігі 7 мм. қызыл түсте орындалған. Рамканың түсі ашық сары.

Белгі көк, алтын және қызыл түсті органикалық бояғыштармен боялған және анодталған алюминий қорытпасынан дайындалған.

Белгінің келесі бетінде киімге бекіту үшін, тағатын екі тиекті түйреуіш болады.

Сыртқы түріне қойылатын талаптар.

Заттың үстіңгі бетінде эмальданбайтын бетінде эмаль жарықтары, қаяулар, қабыршақтар, жапырылулар, сызаттар, пішінінің өзгерулерге, дақтар, іздер болмау керек.

Үсті лакпен боялған тегіс, жылтыр, сынбаған болу керек, оның жиегіне және тасасына сызат, саңылау, қосу, шор болмау керек.

Заттың артқы (көрінбейтін) бетінде байқалмайтын уақ тесіктерге, жапырылуларға, кара дақтарға, жолақтарға және түсін өзгертулерге жол беріледі.

Анодталған қабатының сапасы 9.301-86 МСТ-ға сәйкес келуі керек.

Үстіңгі боялған анодталған қабатының түсі - алтын түстен қоңыр сарыға дейін болады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК